

**Ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына жиырма бес пайызға жоғары жалақылар мен тарифтік ставкалар белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 2 шілдедегі N 16/13 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 24 шілдеде N 2335 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2015 жылғы 15 наурыздағы N 42/2 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 15.03.2015 N 42/2 шешімімен (алғашқы ресми жариялаған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 4-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына қалалық жағдайда қызметтің осы түрімен айналысатын мамандардың ставкаларымен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғары жалақылар мен тарифтік ставкалар белгіленсін.

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан  
облыстық мәслихатының  
XVI сессиясының төрағасы*

*Е. Коноплева*

*Солтүстік Қазақстан  
облыстық мәслихатының  
хатшысы*

*Қ. Едіресов*